

МӘСІХШІЛ ӨМІР. СҮРУДІҢ НЕГІЗІ



Бұл кітаптың иесі:

МӘСІХШІЛ ӨМІР СҮРУДІҢ негізі

Жас Сенушілерге Арналған Оқу Құралы

(3-ші – 6-шы сынып оқушыларына арналған)

Жазған: Мэри Луи Каната

Суреттерін Эрик Яансэн салған

Мазмұны:

1 Сабақ

Мен мәсіхшімін–енді не істемекпін? (Құдайдың Отбасында Рухани Өсу)	6
---	---

2 Сабақ

Иса Үшін Өмір Сүру (Мәсіхшінің Күнделікті Өмірі)	11
---	----

3 Сабақ

Иса Туралы Оқу (Киелі Кітапты Оқып, Зерттеу)	15
---	----

4 Сабақ

Құдаймен Сөйлесу (Мінажат Ету)	19
-----------------------------------	----

5 Сабақ

Құдайды Мадақтау Орны (Қауымның Өмірі)	23
---	----

6 Сабақ

Басқа Адамдарға Иса Туралы Айту (Басқаларға Куәлік Ету/Ізгі Хабар Тарату)	28
--	----

Құдайдың отбасына қош келдің



Құдайдың үлкен мәсіхшіл отбасына мүше болудың өзі үлкен қуаныш емес пе? Енді сен Құдайдың отбасына мүше болдың. Егер сен Иса Мәсіхке Құтқарушың ретінде сеніп, Оның Сөзіне бағынсаң және Онымен тығыз байланыста болсаң, сен үнемі Оның отбасына мүше боласың.

Құдайдың отбасында ұлдар мен қыздар, жас өспірімдер мен ересектер бар. Бәріміз ағалы – әпкеліміз. Құдай – біздің көктегі Әкеміз.


Құдайдан жасаған жаман істерің үшін кешірім сұрау дегеніміз бұрынғы күнәларың кешіріліп, ұмытылды дегенді білдіреді. Исаның айқышта сен үшін өлуі саған кешірім әкелді.

Енді сен Құдайдың отбасына мүше болып, мәсіхші болдың, сондықтан Құдай сенен Өзіне ұнамды өмір сүруіңді талап етеді. Оның көмегімен сен үйіңде, мектебіңде, қауымыңда, ойын кезінде – барлық жерде жаңа өмір сүре аласың.

Осы кітапша саған Құдайдың сенен не талап ететінін білуге көмектеседі. Енді Құдайдың отбасына мүше болғандықтан, өзіңнің Құтқарушың және Досың Иса Мәсіхке қалай ұнамды істер жасап, қалай қызмет етуге керек жолдарын біліп үйренесің. Сонда нағыз мәсіхші болып өлесің.

Мына Киелі кітаптағы аятты жаттап ал:

«Ал Исаның ойы да, бойы да, Құдай мен адамдарға ұнамдылығы да арта түсті. (Лұқа 2:52)



Мына жерге өзіңнің суретіңді сал!

Мен, _____,

Иса Мәсіхті өзімнің Құтқарушым және Тәңірім деп

_____ күні

_____ жерде қабылдадым.

Менімен бірге мінажат еткен адамның аты-жөні:

Бастамастан бұрын...

Киелі кітапты қолыңа ал

Қарындаш пен өшіргішті дайындап қой

Түсіндірме сөздікті ал





Бұл кітапты қалай қолдану керек...

1. Осы кітапшаны өзіңнің Киелі кітабыңмен бірге қолдан.
2. Мінажат етіп, Құдайдан көмек сұра.
3. Асықпай, әрбір сабақты оқып шық, содан кейін тапсырмаларды орында.
4. Әрбір сұрақты мұқият оқып, жауабын жаз.
5. Әрбір сабақта берілген Киелі кітап аяттарын оқып, жатқа біл.
6. Кітаптағы тапсырмаларды орындап біткеннен кейін, оны өзіңнің мұғаліміңе бер. Тексергеннен кейін, ол кітапты саған қайтарып береді.
7. Кітабыңды болашақта оқып, қайталау үшін сақтап қой.
8. Толтырған кітабыңды достарыңа көрсетіп, үйренгеніңмен бөліс.
9. Киелі кітабыңды оқы, мінажат ет және Иса үшін өмір сүр.





1 Сабақ

Мен мәсіхшімін – енді не істемекпін?

Кейбір адамдар өздерінің мәсіхші екендеріне үнемі күмән келтіреді, ал сен мәсіхші екеніңе сенімді бола аласың. Сен Құдайдан өзіңнің жасаған жаман істерің үшін кешірім сұрағаныңда және Исадан өзіңнің Құтқарушың болуды сұрағанда, сен қайта туылған мәсіхші болдың. Бұл Құдайдың отбасына мүше болу дегенді білдіреді. Құдай осының бәрін Өзі уәде еткеннен кейін істеді. Құдай өтірік айтпайды! Оның уәдесі жайлы Жохан 1:12 – ден оқы.

Енді Құдайдың отбасына мүше болдың, сен рухани өсіп, сенімі мықты мәсіхші болғың келеді. Егер сен Құдайдың Сөзін оқып, Құдайдың баласы ретінде Оның айтқандарын істесең, соған жетесің.

Құдай біздің жасаған барлық істерімізге разы болмайды, сөйтсе де Ол бізді сүйеді. Құдай бізге Өзіне ұнамды дұрыс істерді жасауға көмектеседі.

«Күнә» – бағынбаушылықты білдіретін сөз. Біз күнә жасағанда да Құдайдың отбасына мүше болып қала береміз, өйткені Құдайдан кешірім сұрағанымызда, Ол бізді кешіруге әрдайым дайын.

Киелі кітапта Құдай Оған ұнамды қандай істер жасауымыз керек жайында айтады. Біз Құдайға бағынғанда, өзімізді бақытты сезінеміз.

Өзіңнің Киелі кітабыңнан төмендегі аяттарды оқы, сонда Құдайдың баласы ретінде не істеуің керек екеніңді біліп, үйренесің.

1. Маңайыңдағы кісіні, әсіресе жауларыңды жақсы көр!
(Матай 5:44)
2. Мейірімді де жанашыр бол. (Ефестіктерге 4:32)
3. Кешір, сонда сен де кешірілесің. (Лұқа 6:37)
4. Серігіңе көмектес. (Ишая 41:6)
5. Ұрлық жасама! (Мысырдан көшіп шығу 20:15)
6. Барлық жағдайда да адал жүр. (Еврейлерге 13:8)
7. Шындықты айт. (Нақыл сөздер 12:17)
8. Әке-шешеңнің тілін ал. (Ефестіктерге 6:1)
9. Адамдар өзіңе қалай істесін десең, сен де оларға солай істе! (Лұқа 6:31)

Ал аспанға барғанда, саған жақсы болуға тырысудың қажеті болмайды. Аспанда еш азғыру, еш күнә жоқ. Барлығы және әркім мүлтіксіз болады. Сен Құдаймен және Оның отбасымен мәңгілік бірге боласың.

Осы сабақтан не үйрендің?

1. Өзіңнің мәсіхші екеніңді қайдан білесің?

2. 1 Жохан 1:9 аятын Киелі кітаптан көшіріп жаз.

3. Төмендегі сөйлемдерден дұрыс емес сөзді сызып таста.

Әке–шешеңнің тілін ал, тілін алма.

Барлық адамдармен бөліс, бөліспе.

Әркімге, кейбіреуіне мейірімді бол.

Жауларыңды жақсы көр, жек көр.

4. Дұрыс жауаптың астын сыз.

Құдай Киелі кітапты бізге жол көрсету үшін берді.

Иә Жоқ

Құдай бізден Киелі кітапқа бағынуды сұрады ма?

Иә Жоқ

Біздің жасаған істерімізге Құдай әрқашан разы ма?

Иә Жоқ

Құдай біздің жасаған жаман істерімізді кешіре ме?

Иә Жоқ

Құдай біздің Оған бағынуымызға көмектескісі келе ме?

Иә Жоқ

5. Аяттағы бос орындарға өз атыңды жаз.

Өйткені Құдай _____ сондай қатты сүйгендікт,

Өзінің жалғыз рухани Ұлын _____ (үшін)

құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші _____

жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады.

(Жохан 3:16)

6. Күнә деген сөзді басқаша сөзбен айт: (Дұрыс жауаптың астын сыз)

Бағыну	бағынбау
Жаман істер	зұлым істер

7. Қай жерде болмасын жаңа, мәсіхшіл өмір сүруге бола ма?

Иә Жоқ Мүмкін Кей жағдайларда

8. Иса деген кім? Оның жауабын 1 Жохан 5:5 - тен тап.

9. Иса Мәсіх неге айқыш ағашта өлді?

1 Қорынттықтарға 15:3 - ті оқы.

10. Сен Құдайға бағынбағаныңда, не істеуің қажет?

1 Жохан 1:9 - ды оқы.

Күнәларымызды м _____, Құдай

Күнәларымызды к _____.

11. Киелі кітаптағы аят біздің мәңгілік өмірге ие болатынымызды дәлелдейді. Бос орындарға керекті сөздерді жазып, толтыр.

1 Жохан 5:13 - ті оқы.

_____ Құдайдың рухани Ұлына сенгендік-

тен мәңгілік өмірге иесіңдер. Оған сенім артқан

_____ соны білулерің үшін бұларды жазып

отырмын.

12. Мәсіхші деген сөзден «Мәсіх» деген сөздің астын сыз.

Келесі Киелі кітаптағы аяттарды жаттап ал.

«Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті». Жохан 1:12

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». Жохан 3:16

«Менің қабылдап алып, сендерге жеткізген ең басты хабарым мынау болды: Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандай, Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын қиды». 1 Қорынттықтарға 15:3

Сен Иса Мәсіхті өзіңнің Құтқарушың деп қабылдадың және Иса Құдайдың рухани Ұлы деп сендің, сондықтан сен Құдайдың балаларының бірі болып саналасың.




2 Сабақ

Иса үшін өмір сүру

Шынайы өмір сүріп, бақытты болудың тек бір ғана жолы бар – бұл Иса үшін өмір сүру.

Киелі кітапта Құдайдың біз үшін жоспарлаған жолымен өмір сүру үшін ережелері бар екені жайында айтылады. Біздің өміріміз тыныш және бақытты болу үшін Құдай мынандай ережелерді берген.



Құдай Өзі көмек беруге уәде етпей, еш нәрсені істеуді сұрамайды. Егер сен қате істесең, не Құдай берген ережелердің біреуін орындамасаң, Құдайдан кешірім сұрағаның жөн. Құдай сені кешіруге асығады.

Сен қате жіберсең де Құдай сені сүйетінін ұмытпа. Бірақ кейде біздің жасайтын істеріміз Құдайға ұнамайды.

Сен бәрібір Құдайдың баласы болып саналасың. Адамдар сенің істеріңе мұқият қарап жүр. Сен соны білесің бе?



Егер сен бір нәрсенің дұрыс не бұрыс екеніне сенімді болмасаң, мына сұрақтарға жауап берші.

Менің жасайтын істерім, айтатын сөздерім Құдайға ұнамды ма?

Мен Иса сияқты ойлап, сөйлеуге тырысамын ба?

Мен басқаларға өзіме сияқты көңіл бөлемін бе?

Басқаларға мейірім және сүйіспеншілікті көрсетемін бе?

Көмек беруге дайынмын ба?

Шайтан сенің қасыңа келіп, сені азғыруға тырысады. Сол кезде Құдаймен сөйлес, Одан көмек сұра. Азғырудың келуі әлі күнә емес, осыны ұмытпа. Ал азғыруға беріліп, қате істеу – міне, осы күнә болады.

Шайтан – сенің жауың. Ол өте ақылды. Ол сені қате істеуге итермелейді. Ал Құдайдың шайтаннан құдіреті күшті. Құдай қиын кезде саған көмекке келеді. 1 Жохан 4:4 – ті оқы.



Осы сабақтан не үйрендің?

1. Біз өмір сүруге арналған бес ережені жатқа жаз.

2. Біз жасаған күнәларымыз үшін Құдайдан кешірім сұрағанымызда, Ол не істейді? 1 Жохан 1:9 оқы.

3. Әрбір сөйлемге «иә» не «жоқ» деп жауап бер.

Адамдар біздің істерімізге қарайды.

ИӘ ЖОҚ

Адамдар біздің не айтатынымызды тыңдайды.

ИӘ ЖОҚ

Құдай менің мейірімді болуымды қалайды.

ИӘ ЖОҚ

4. Тек дұрыс сөйлемді ғана белгіле.

_____ Мен күнделікті Құдайға мінажат етуім керек.

_____ Мен аптасына бір рет жақсы іс жасауым керек.

_____ Маған ұнайтын кезде ғана Құдайдың Сөзіне бағынуым қажет.

5. Бізді жаман істер жасауға итеретін кім?

ҚҰДАЙ ШАЙТАН ИСА

6. Дұрыс жауаптың астын сыз.

Құдай маған қиындық кезінде көмектеседі.

ДҰРЫС ДҰРЫС ЕМЕС

Шайтан мені жаман іске азғырады.

ДҰРЫС ДҰРЫС ЕМЕС

Азғырудың келуі күнә деген сөз.

ДҰРЫС ДҰРЫС ЕМЕС

7. Шайтаннан ҚҰДІРЕТІ КҮШТІ және ҰЛЫ кім?

8. Құдай бізді азғыра ала ма? Жақып 1:13 оқы.


_____ Иә _____ Жоқ

9. Киелі кітаптағы мына аятты оқып, жаттап ал.

«Менің шәкірттерім екендіктеріңді елдің бәрі өзара сүйіспеншіліктеріңнен білетін болады». Жохан 13:35

10. Матай 28:20 – шы аятты көшіріп жаз, бұл Құдайдың біздің бәрімізге арнаған уәдесі.

«Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!»
(Аумин) Матай 28:20





3 Сабақ

КИЕЛІ КІТАПТЫ ОҚУ



Күнделікті өсуің үшін сен жақсы тағам жейсің, ал рухани өсуің үшін сен Киелі кітапты оқуың қажет.

Киелі кітап – Құдайдың бүкіл адамзатқа арнаған хабары. Бұл хабар әр түрлі жастағы адамдарға арналған. Бұл 66 кітаптан тұратын үлкен бір кітап. Көне келісімде 39 кітап, ал Жаңа келісімде 27 кітап бар.

Күнделікті Киелі кітапты оқу саған...

- Құдайдың рухани Ұлы Иса жөнінде білуге көмектеседі.
- Құдайдың сенен не қалайтынын білуге көмектеседі.
- сен жалғыз не қайғылы болғаныңда көмектеседі.
- шешім қабылдар алдында Құдайға мұқтаж болғаныңда көмектеседі.
- мәсіхші ретінде өсуіңе көмектеседі.

КҮНДЕЛІКТІ Киелі кітабыңды оқы. Сонымен бірге Киелі кітап оқиғалары бар басқа кітаптарды да оқы.

Өз Киелі кітабыңды ҚАЙ ЖЕРДЕ болсаң да оқы – үйде, демалыста, қауымда, балалар қауымында, өз бөлмеңде, далада, барлық жерде, кез келген уақытта оқы.

Киелі кітабыңды МҰҚИЯТ оқы. Оқығаныңды түсінбесең, Құдайдан көмек сұра. Түсінбеген жерлеріңді балалар қауымындағы мұғалімнен не бағушыдан сұра.

Киелі кітабыңды жай не дауыстап оқы. Құдайдың саған Өзінің Киелі кітабы арқылы айтқаны жөнінде ойлан.

Киелі кітабыңды жалғыз не басқалармен бірігіп оқы.

Киелі кітапты оқуды қай жерден бастау қажет?

Сен өзің таңдай аласың. Сен Киелі кітаптың ең бірінші кітабынан – Жаратылысты бастаудан не Жаңа келісімнен бастап оқи аласың. Жаңа келісімді Лұқа жазған Ізгі хабардан бастауға болады.



осы сабақтан не үйрендің?

1. Енді мәсіхші болғаныңда, сен не істеуің қажет? Мына сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып жаз.

Келіі

апкітыт

қоу

2. Киелі кітапты оқу саған қандай (екі нәрсе) көмек беретіні туралы жаз.

3. Дұрыс сөйлемдерді ғана белгіле.

_____ Киелі кітабымды күнде оқи аламын.

_____ Киелі кітабымды тек қауымда ғана оқи аламын.

_____ Киелі кітап – Құдайдың Сөзі.

4. Киелі кітаптан оқығанымды түсінуге кім көмектесе алады?

5. Забур 118:105 оқы. Құдайдың Сөзі сен үшін не істейді?

Қадамдарымды ж _____, өмір жолыма н _____ шашады.

6. Мына аяттарды жазып, жаттап ал.

«Аспан мен жер жойылатын болады, бірақ Менің сөздерім еш жойылмайды». Матай 24:35

«Күнә жасамау үшін Саған қарсы, жүрегіме сақтадым айтқандарыңды». Забур 118:11

«Қадамдарымды сөздерің жарқыратады, өмір жолыма шырақтай нұрын шашады». Забур 118:105

7. Менің үйімде ____ Киелі кітабым бар.

8. Құдайға Киелі кітап жайында не ойлайсың,
оның сен үшін маңызын айтып, хат жаз.

Құрметті Құдай,

Жазған,

9. Киелі кітаптағы менің жақсы көретін аятым:

_____ : _____



4 Сабақ **ҚҰДАЙМЕН СӨЙЛЕСУ**

Құдаймен, Көктегі Әкеңмен, сөйлесу «мінажат» деп аталады. 1 Салониқалықтарға 5:17: «Үздіксіз Құдайға сиыныңдар», деп айтады, сондықтан Құдайға үздіксіз мінажат ететін бол. Біз кез келген уақытта, қай жерде болсын мінажат ете аламыз.

Құдай біздің мінажатымызды әрқашан естиді, сен дауыстап айтсаң да, жай айтсаң да естиді. Құдай ешқашан ұйықтамайды, сондықтан Құдайға күні – түні сиынуыңа болады. Ол сен үшін ӘРҚАШАН уақыт табады.

Қашан мінажат етуге болатын кейбір жағдайлардың үлгісі:

- Жаңа күнді бастамастан – Құдайдан көмек сұра.
- Тамақ ішердің алдында – Құдайға рахмет айт.
- Қорыққан кезіңде – батыл болуыңды сұра.
- Жалғыз қалғаныңда не қайғылы болғаныңда – Құдайдан қуаныш сұра.
- Бір нәрсеге мұқтаж болғаныңда – Құдайдан сұра,
- Оның мінажатыңа жауап беретініне сен.
- Күнә жасағаныңда – Құдайдан кешірім сұра.
- Ауырып қалсаң – Құдайдан сауығу сұра.

Көмекке мұқтаж болсаң – Құдайдан көмек сұра.
Ұйықтар алдында – Құдайдан пана сұра.

Мінажат еткеніңде мына нәрселерді есіңнен шығарма:

- Құдайға саған жасаған ерекше ісі үшін Оған рахмет айт.
- Мінажатыңнан отбасыңды, достарыңды, қауымыңды, бағушыңды, елшілерді тастама.
- Құдайға өз қиыншылықтарың және мұқтаждықтарың жөнінде айт.
- Мінажатыңның соңында «Исаның атымен» деп айтуды ұмытпа. (Жохан 14:13,14 қара)

Иса Өзінің шәкірттеріне қалай мінажат етуді үйреткен.
Матай 6:9–13 те Иса мінажат етудің үлгісін берген –



«Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін, Патшалығың осында орнасын! Сенің еркің көкте орындалғандай, жер бетінде де орындала берсін! Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр. Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей, Сен де күнәларымызды кешіре гөр. Азғырылуымызға жол бермей, жамандықтан бізді сақтай гөр. (Патшалық, құдірет пен ұлылық мәңгі-бақи Сенікі! Амин.)»

Кейде сен басқа адамдармен бірге мінажат ететін боласың, бірақ сенің Құдаймен жеке уақыт өткізуің де маңызды. Құдаймен өзіңнің қасыңдағы досың сияқты сөйлес. Сол сенің мінажатың.

Сен өз бөлмеңде, не машинада отырып, мектебіңде, қауымда, кез келген жерде мінажат ете аласың. Кейде тізерлеп тұрып мінажат етуіңе болады, ал кейде жай көзіңді жұмып мінажат ет. Қауымда түрегеліп тұрып, не екі – үш адаммен бірігіп, қол ұстасып мінажат етуіңе болады.

Құдайдың әрбір мінажатқа жауап беретінін ұмытпа. Кейде Ол «Иә», кейде «Жоқ», ал кейде «Күте тұр» деп жауап береді. Ол үнемі уәдесін орындайды, сен осыған сенімді бол. Римдіктерге 4:21 былай деп айтады: «Осылай Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сеніп, Оған құрмет көрсетті».

Киелі кітап бізге басқалар үшін мінажат етуді үйретеді. Сонымен бірге бізді ренжіткен адамдар үшін де мінажат етуіміз қажет.

Жақып 5:16 «...сауығып кету үшін, жасаған күнәларыңды бір-біріңе айтып мойындап, бір-бірің үшін сиыныңдар! Әділ адамдардың Құдайға сиынуларының күші орасан зор».



Құдіретті Құдай,
менің досымды
сауықтыршы...

Матай 5:44 «Жауларыңды жақсы көріңдер! өздеріңді қудалағандар үшін Тәңір Иеге сиынып мінажат етіңдер!»

Осы сабақтан не үйрендің?

1. «Құдаймен сөйлесу» деген не? Тек дұрыс жауапты белгіле.

_____ Ән айту

_____ Мінажат ету

_____ Оқу

2. 1 Петір 3:12 біздің мінажатымыз туралы не айтады?

Жаратқанның назары _____ ,

Ол құлақ салады _____ .

3. Сен Құдаймен қашан сөйлесе аласың?

4. Құдаймен қай жерде сөйлесе аласың?

5. Тек дұрыс сөйлемдерді белгіле.

_____ Құдаймен әр уақытта, кез келген жерде сөйлесе аламын.

_____ Құдайдың менің мінажатыма жауап беруге кейде уақыты жоқ.

_____ Мен басқалармен мінажат етпеуім керек.

_____ Теріс жолдан қайту – Құдайдың алдында жасаған жаман істерімді мойындау.

_____ Мен басқалар үшін мінажат етуім қажет.

_____ Күнделікті мінажат ету–жақсы әдет.

6. Матай 6:9 берілген «Тәңірдің мінажатын» оқып, жаттап ал.

7. Дұрыс жауаптың астын сыз.

Құдайға тек тізе бүгіп мінажат ету керек.

ИӘ ЖОҚ

Мінажат ету – Құдаймен сөйлесу.

ИӘ ЖОҚ

Құдаймен әр уақытта, кез келген жерде сөйлесе аламын.

ИӘ ЖОҚ



5 Сабақ

Құдайды мадақтау орны

Иса және Құдай туралы үйренудің бірден бір жері – қауым. Қауымды біз кейде «Құдайдың үйі»деп атаймыз. Қауым – бұл алуан түрлі жастағы адамдардың бірігіп –

1. Құдайды мадақтап, Оған құрмет көрсететін орын.
2. Құдай және Оның рухани Ұлы Иса жөнінде көбірек үйренетін орын.
3. Мәсіхшіл достарымызбен кездесетін орын.
4. Құдайдың отбасымен бірге болу орны.
5. Ән айту, мінажат ету, үйрену орны.
6. Басқалармен Құдайдың біздің өмірімізге жасағанымен бөлісу орны.
7. Сенушілермен қарым – қатынасты орнату орны.
8. Жексенбілік балалар қызметіне бару орны.
9. Киелі кітаптан үйрену орны.

Жексенбілік балалар қызметіне бару және әр апта сайын басқа қауым қызметтеріне қатысу Құдайдың Сөзі, Киелі кітаптан үйренудің бірден бір жолы.

Сені балалар қауымында, жанұяда Киелі кітапты оқуға үйрететін мұғалімдер және қызметшілер болады.

Құдай жөнінде көбірек білу саған рухани өскен мәсіхші болуға көмектеседі. Міне қауымға үздіксіз барудың бірден бір себебі осында.

Әдетте көптеген адамдар қауымға жексенбі сайын келеді. Алайда қауымға аптаның басқа күндері де келуге болады. Сенің қауымыңда жексенбілік қызметтен басқа да қызметтер өтетін шығар.

Құдай бізге қауымға үздіксіз бару керегін ескертеді. Еврейлерге 10:25 – ті оқы. Құдай бізге: «Кейбіреулер сенушілердің жиналыстарына бармай қалуды дағдыға айналдырып алған сияқты», деп ескертеді.

Біз неге қауымға барамыз? Ұлдар мен қыздар осы сұрақты жиі қояды. Сондықтан біз бірнеше себептерді келтіріп отырмыз.

Біз қауымға мынадай себептер бойынша барамыз:

1. Киелі кітап бізге бірге жиналып, Құдайды мадақтаңдар деп үйретеді.
2. Біз уағызды және тәлімді естігенде, Құдайды жақсы тани бастаймыз.
3. Біз мәсіхшіл достарымызбен кездесіп, олармен жақыннан танысамыз.
4. Бізге басқа сенушілермен қарым – қатынасты орнату керек.
5. Біз Құдайға өзіміздің бар ойларымызды арнауымыз қажет.
6. Біз Құдайға деген сүйіспеншілігімізбен бөлісуіміз қажет.

Қауымда көптеген нәрселермен шұғылдануға болады. Сен басқа адамдармен бірігіп, Құдайды мадақтай аласың.

Қауымда болатын сегіз нәрсені айтып өтейік:



Ән айту



Сый-тарту беру



Үйрену



Бөлісу



Мінажат ету



Мадақтау



Уағыз айту



Қуәлік ету

Қауымға барарда өзіңмен бірге Киелі кітабыңды және сый - тартуыңды ала кел.

Себебі сен де қауымның мүшесісің, сол тартуың арқылы сен қауымда тазалық сақтауға көмектесесің.

Сен басқаларға өз қауымың жөнінде бөлісіп, оларды өзіңмен бірге шақыруыңа болады.

Иса және Құдай туралы үйреніп білу сен үшін әрі қызықты, әрі қуанышты болуы мүмкін. Қауымға баруды әдетке айналдыр. Бұл саған Иса арнаған жоспарға сай өмір сүруге көмектеседі.

Осы сабақтан не үйрендің?

1. Қауым деген не? (Тек дұрыс сөйлемдерді белгіле.)

_____ Құдайды мадақтайтын орын.

_____ Ән айтып, табынатын орын.

_____ Құдай туралы үйрену орны.

_____ Күресетін орын.

2. Мына Киелі кітаптағы аятты толтыр: Еврейлерге
10:25

«_____ сенушілердің жиналыстарына
_____ дағдыға айналдырып алған
сияқты».

3. Дұрыс жауаптың астын сыз.

Кез келген қауымға баруыма бола ма?

ИӘ ЖОҚ

Қауымға үздіксіз баруым керек пе?

ИӘ ЖОҚ

Қауымға басқаларды шақыруыма бола ма?

ИӘ ЖОҚ

4. Жаңа достарыңмен кездесе алатын жақсы орын
қандай?

5. Қауымда болатын сегіз (8) нәрсені жаз.



6. Өзіңмен бірге қауымға апаратын екі нәрсені ата.

7. Қауымға барғаннан кейін өзіңді қалай сезінесің?

8. Өзің баратын қауымның аты қандай?

9. Бағушының аты кім?

10. Сенің қауымыңда қандай қызметтер бар?



Мен қауымға қалай көмектесе аламын:



_____ тазалықта сақтау арқылы

Ол туралы _____ айту арқылы

Басқаларды _____ шақыру арқылы


Мына Киелі кітаптағы аяттарды жатта:



«Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады». Римдіктерге 10:17

«Ең бастысы, Оның Патшалығының қамын ойлап, Оның әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді». Матай 6:33





6 Сабақ

басқаларға Иса туралы айту

Енді сен Құдайдың рухани баласысың, сен басқа адамдарға Иса туралы айтуыңа болады. Сен куәгер бола аласың – басқаларға Құдайдың олар үшін не істегені жайлы айта аласың.

Марқа 5:19 – да Иса: «Үйіңе қайтып, туысқандарың мен дос-жарандарыңа Жаратқан Иенің өзіңе не істегенін, қалай рақым еткенін айтып бер! — деді».

Бәрімізде Исаны Құтқарушы ретінде әлі қабылдамаған достарымыз, көршілеріміз және туысқандарымыз бар. Сол адамдармен Құдайдың сенің өміріңде не істегені жайлы бөліс.

Иса туралы басқаларға бөліспес бұрын, төмендегі нәрселерді білуге тиіссің:

1. Сен өзіңнің мәсіхші екеніңді біл. (Жохан 5:24)
2. Құдай барлық адамдарды сүйеді. (Жохан 3:16)
3. Бәрі де күнә жасады. (Римдіктерге 3:23)
4. Исаның алдында әр адам өзінің күнәларын мойындау керек. (1 Жохан 1:9)
5. Құдайға сенген әрбір адамға Ол мәңгілік өмірге ие болуды уәде еткен. (Римдіктерге 6:23)
6. Исаға сеніммен сиынған әркімді Ол қабылдауға дайын. (Матай 21:22)

Достарыңның не туысқандарыңның біреуі өз күнәларын мойындап, Исадан кешірім сұрайтын болса, олар да сен сияқты Құдайдың отбасына мүше болады. Исаның барлық адамдар үшін өлгенін ұмытпа.


Жаңа мәсіхші достарыңа мына маңызды нәрселерді айт –

1. Киелі кітапты күнделікті оқу.
2. Күнделікті Құдаймен сөйлесу.
3. Жексенбілік балалар қызметіне және қауымға бару.
4. Басқаларға Иса туралы айту.
5. Басқалардың алдында жаңа киелі өмір сүру.

Басқаларға Иса жөнінде бөлісудің көп жолдары бар. Төменде кейбір ұсыныстар бар. Соларды қолданып көр!

Басқаларға Иса туралы –

1. Өз аузыңмен бөліс. Исаның сенің өміріңде не істегенін айт.
2. Иса туралы кітапшаны басқаларға беру арқылы бөліс.



3. Жаңа өмір сүру арқылы бөліс.
4. Өзіңмен бірге қауымға баруды сұрау арқылы бөліс.
5. Оларға хат не қысқа хат жазу арқылы бөліс.

Иса біздің Ол жайында басқалармен бөлісуімізді қалайды. Сен оған куәгер бола аласың ба?

Иә, _____ Иса үшін куәгер болып,
(Өз атыңды жаз)

Оған көмектесе алады.

Осы сабақтан не үйрендің?

1. Басқа адамдармен Ізгі хабарды бөлісу жөніндегі аятты Киелі кітаптың қай жерінен табуға болады?

2. Келесі сұрақтарға «Иә» не «Жоқ» деп жауап бер.

А. Бәрі де күнә жасады. _____

Ә. Құдай тек мәсіхшілерді сүйеді. _____

Б. Бәрі күнәларын мойындауы керек. _____

В. Иса бізді әрқашан кешіреді. _____

3. Жаңа сенушіге не істеу керек? Тек дұрыс сөйлемдерді белгіле.

_____ Тек жексенбі сайын мінажат ет.

_____ Күнде Киелі кітабыңды оқы.

_____ Қауымға тек жексенбіде бар.

_____ Басқаларға Иса туралы айт.

_____ Басқалардың алдында жаңа өмір сүр.

4. Басқаларға Иса жөнінде айтатын екі жолды көрсет.

5. Басқаларға Иса туралы неге айтуымыз керек?

6. Иса туралы бөліскің келетін үш адамның атын жаз.

7. Басқаларға Иса туралы айтпас бұрын, қандай үш нәрсені білуің қажет?

_____ білу.

_____ білу.

_____ білу.

8. Басқаларға Иса туралы айтуға көмектесетін Киелі кітаптағы аяттарды жаз (қай кітаптан, тарау, аят).





9. Өзің жаттаған Киелі кітаптағы аяттарды есіңе түсір.

10. Мына аятты жаттап ал.

«Иса оған: — Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды». Жохан 14:6

Осы оқу құралында кездескен Киелі кітаптың келесі аяттарын жатқа біл.

Лұқа 2:52

Матай 24:35

Жохан 3:36

1 Жохан 1:9

Марқа 11:24

Матай 6:9

Осы кітапшаны оқып біткеннен кейін, оны мұғаліміңе апарып тапсыр, ол тексеріп, саған қайтарып береді.



